

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 2010.
4. ҚР Экологиялық Кодексі. – Алматы: Юрист, 2009. – 164 б.
5. Сарсембаев М.А. Таможенная экспертиза в Казахстане и международное право/ Казахстанский журнал международного права. – 2004. - №3 (15) - с. 16-20.
6. ҚР Кеден Кодексі. – Алматы: Юрист, 2009. – 250 б.

В данной работе рассмотрены основные понятия государственной экспертизы, ее виды, признаки и принципы. Также проведен сравнительно-правовой анализ между законодательством Казахстана и России о правовом статусе государственной экспертизы.

In this paper we review the basic concepts of the state, its types, symptoms and principles. It also conducted a comparative legal analysis of legislation between Kazakhstan and Russia on the legal status of the state examination.

А.Р. Мусабеева

ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҚ – ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ҚАҒИДАСЫ РЕТІНДЕ

Кез келген құқықтың саласына сол құқық саласын құқықтық реттеуді жетілдіруге және құқық қолдану қызметін жеңілдетуге бейімделетін оның заңи мәнін түсіну үшін маңызды белгілі бір бастапқы негіздер тән. Құқықтың принциптері бастама негіздер бола отырып, оның негіздерін құрайды. Құқық принциптерінің ерекше мәні ірі заң шығарушы реформалар кезеңінде орын алады. Біздің елімізде жүріп жатқан құқықтық жүйені реформалауға байланысты осы жүйенің негізін құрайтын қағидалар терең ғылыми пайымдауларды талап етеді. Құқық теориясында құқық қағидалары астарында негізгі бастамалар, әмбебаптылықты және ерекше жалпы мәнділікті иемденетін оның жөнелтілетін идеялары; бұл бастамалар құқықтың маңызды мазмұнын құрайды, осы құқықтың негізімен үйлесімді байланысады, берілген қоғамдық-тарихи формацияның тұрақтылықтарын және заңдылықтарын айқындайды [1, 126].

Принциптер – бұл, ең біріншіден, қылмыстық процестің анағұрлым мәнді ерекшеліктері мен заңдылықтары туралы идеяны басқаратын бастамалар болып табылады. Өзіне бастама, процестің алғышарттары туралы көріністерді енгізе отырып, бұл құқықтық идеялар негізгі мәнге ие. Құқықтық нормалар нысанында бола тұра, олар өз алдына процессуалдық жүйе құрылатын және әрекет ететін ең жалпы, орталық қағида болып табылады [2, 23].

Қылмыстық-процессуалдық нормада қандай да бір принциптердің бекітілуі мен жариялануы өздігінен жеткіліксіз болып табылады. Қылмыстық іс жүргізудің принциптері қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын тұлғалар мен сот қызметінде жүзеге асырылуы ең бастысы болып табылады. Қылмыстық процесті жүзеге асыратын органдардың алдында тұрған міндеттерді орындаудың тиімділігі қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтарын шынайы қорғауды қамтамасыз етумен, осы орайда қылмыстық іс жүргізу қағидаларының қылмыстық істі жүргізу барысында қатаң сақталуын қамтамасыз етуімен анықталынады.

К.Х. Халиков өте дұрыс байқағандай, кез келген принциптің мәні көптеген нормалар мен сол құқық саласы институттарында орын алады, кей жағдайда принцип белгілі бір құқық саласы үшін өзінің негізгі мәнін жоғалтуы мүмкін [3,176].

Б.Х. Толеубекова принциптердің нормативтік сипаттарын ерекшелейді және көрсетеді: «Қылмыстық процесс принциптері қоғамдық және мемлекеттік құрылыммен шартталған және қолданыстағы заң шығарушымен бекітілген іс қозғау, тергеу, тексеру және қылмыстық істерді мәні бойынша шешу кезінде мемлекеттік органдардың қызметтері мен ұйымдастыру мәнін анықтайтын негізгі және бастапқы қағидалар, сонымен қатар, мемлекет қылмыстық сот ісін жүргізудің алдына қойған міндеттеріне қол жеткізу үшін қылмыстық-процессуалдық қызметті бағыттайтын қағидалар болып табылады» [4,133].

Қылмыстық іс жүргізуде азаматтың және адамның Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жеке бас бостандыққа, қадір-қасиетке, жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасының құпиясына, жеке салымдары мен жинақтарының құпиясына, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почта, телеграф хабарларының немесе өзге хабарлар құпиясына, тұрғын үйге, меншікке қол сұғылмаушылыққа конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауы көзделген.

Қазақстан Республикасының Конституциясын 25-бабында келесі қағида бекітілген: «Тұрғын үйге қол сұғылмайды, соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

ҚР Конституциясында бұл қағидаға ерекше мән берілгендіктен, бүкіл іс жүргізу іс-әрекеттеріне ықпалын тигізіп, қылмыстық процесте де тұрғын үйге қол сұқпау маңызды мәнге ие болады.

Азаматтардың құқықтарын мемлекет тарапынан қорғау бұл шынайы құқық ізгілігі болып табылады. Заң азаматтардың құқықтарын тек белгілеп қана қоймай, оларды кепілдендіретін және жүзеге асыратын мәселеге көңіл аударуы керек [5, 22].

Қылмыстық іс жүргізуде процессуалдық кепілдік болып заңнамамен белгіленген қылмыстық іс жүргізудің міндеттерін шешуді қамтамасыз ететін қылмыстық сот өндірісінің амал-тәсілдері табылады. Қылмыстық сот өндірісінде тұрғын үйге қол сұқпаушылық қағидасы тергеу әрекеттері, сот әрекеттері жүзеге асқан кезде, осы қылмыстық процеске қатысушы барлық тұлғалар арқылы қамтамасыз етілуі тиіс. Тұрғын үйге қол сұқпаушылық қағидасын қамтамасыз ету тұрғын үйді қарау, тінту және тұрғын үйде алу жүргізуге байланысты алдын-ала тергеу органдарына, прокуратура органдарына және сотқа жүктеледі.

Заңнама қылмыстық процеске қатысушылардың тұрғын үйіне қолсұқпаушылықты қамтамасыз ететін бірнеше нормалармен қамтамасыз етілген. Тұрғын үйге қолсұқпаушылық қағидасының мазмұнын дұрыс және қажетті алғышарттар ретінде анықтау үшін төмендегі мәселелерді қарастыру керек:

- қарастырылып отырған қағида ретінде «тұрғын үй» деген ұғым қандай материалдық объектілерді қамтиды;

- қылмыстық сот өндірісі бойынша қандай субъектілердің тұрғын үйге қолсұқпаушылығы шектеледі;

- қандай процессуалдық әрекеттер нәтижесінде тұрғын үйге қолсұқпаушылықты шектеуге жол беріледі.

ҚР ҚІЖК-нің 222, 230-232 баптарында қарастырылған жағдайларда, заң тұрғын үйге қол сұқпаушылықты шектеуге құқықтар берді. Осы жағдайда шектеу Конституция күшімен қорғалатын субъективті құқықтармен байланысты, тергеуші және прокурордың әрекеттері мен шешімдері қатаң түрде заң талаптарына сәйкес келуі қажет.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі отандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасының дамуында маңызды қадам болып табылады. Кодексте қылмыстық процесс ғылымының және заңшығармашылық тәжірибенің бірқатар жетістіктері жүзеге асқан. Тұрғын үйге қолсұқпаушылық ережесі қылмыстық процестің қағидасы ретінде қарастырылуы – қылмыстық процесті ғана емес, сондай-ақ қоғамды демократизациялаудың маңызды элементі болып табылады.

Тұрғын үйде тұратындардың еркінен тыс баса-көктеп кіру – барлық өркениетті қауымда айқындалған, еліміздің Конституциясының 25-бабында бекітілген тұрғын үйге қолсұқпаушылық демократиялық қағидасынан кері шегіну болып табылады. Бұл қағидадан шегінуді (әрине объективті түрде бұл болады) ең төменгі шегіне келтіру керек. Тұрғын үйге қолсұқпаушылық құқығын шектеудің жағдайларын және тәртібін нақты заңшығарушымен регламенттелуі тиіс, азаматтардың конституциялық құқықтарын бұзуына жол бермес үшін.

1. Теория государства и права: учебник. 2-е издание, переработанное и дополненное. – Ленинград: Изд-во Ленинградского университета, 1987. – 126 с.

2. Пакиркинов М.А. Обеспечение принципа неприкосновенности жилища в уголовном процессе.- Алматы, 2003. – 23 с.

3. Халиков К. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 176 б.

4. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая: учебник. – Алматы: Баспа, 1998. – 133 с.

5. Добровольская Т.Н. Принципы советского уголовного процесса (вопросы теории и практики). – М.: Юридическая литература, 1971. – 198 с.

В данной статье рассматривается значение принципа в уголовном процессе неприкосновенность жилья.

In this article discusses the importance of the principle inviolability of the home in the criminal process.

Б.Т. Абулкаирова

ЗОРЛЫҚ, ПАЙДАҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Пайдақорлық қылмыстылы- әлемдегі көп таралған криминалды феномен болып табылады. Аталған түсініктің негізгі «пайдақорлық» және «пайдақорлық мотивация» категориялары болып табылады. Пайдақорлық дегеніміз пайда, көп жағдайда материалды пайда деген мағынада